# LIFE. TIME



Calvin Klein Jeans

KHANSHATYR

**KHAN SHATYR MAGAZINE**
**MAY-JUNE 2025**


СОО "Хан Шатыр", 1 кабат
ТРЦ "Хан Шатыр", 1 этаж
frgroup.kz
www.frgroup.kz


Calvin Klein Jeans

## Мазмұны


6 «ХАН ШАТЫР» ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
НОВОСТИ «ХАН ШАТЫРА»

8 ЕРЕКШЕ ДЕМАЛЫСҚА АРНАЛҒАН MUST-HAVE КИІМДЕР
MUST-HAVE ВЕЩИ ДЛЯ ИДЕАЛЬНОГО ОТДЫХА

14 ЕҢ БАСТЫСЫ — ДҰРЫС ЖҰП! МАУСЫМНЫҢ БАСТЫ АЯҚ КИІМ ТРЕНДТЕРІ
ГЛАВНОЕ – ПРАВИЛЬНАЯ ПАРА! ОБУВНЫЕ ТРЕНДЫ СЕЗОНА

18 ХАН ШАТЫРДЫҢ ЕҢ ЫСТЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
ГОРЯЧИЕ НОВИНКИ ХАН ШАТЫРА

22 КҮН МЕН ТЕРІ: ЖАЗДА КҮТІМ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ
СОЛНЦЕ И КОЖА: ИНСТРУКЦИЯ ПО ВЫЖИВАНИЮ

34 ЖАЗҒЫ ЖАЙЛЫЛЫҚ: КҮННІҢ СТИЛІНДЕГІ ҮЙ ИДЕЯЛАРЫ
ДОМ В СТИЛЕ СОЛНЦА: ЛЕГКИЕ ИДЕИ ДЛЯ ЛЕТНЕГО УЮТА


**СІЗДІҢ ПІКІРІҢІЗ БІЗ ҮШІН МАҢЫЗДЫ!**
**QR-КОДТЫ СКАНЕРЛЕП, ШЫҒАРЫЛЫМ ТУРАЛЫ ОЙЫҢЫЗБЕН БӨЛІСІҢІЗ.**

**ВАШЕ МНЕНИЕ ЦЕННО ДЛЯ НАС!**
**ОТСКАНИРУЙТЕ QR-КОД И ПОДЕЛИТЕСЬ СВОИМИ ВПЕЧАТЛЕНИЯМИ О ВЫПУСКЕ.**


Бас редактор: Аида Сапенова
Нөмірді шығаруға атсалысқандар: Жазира Садыкан
Дизайн: Дарья Онучка

LIFE TIME журналы «Хан Шатыр» СОО меншігі болып табылады. Журнал «Хан Шатыр» СОО, Rixos President Astana, Rixos Khan Shatyr Residences таратылады. Редакция жарнамалық материалдардың мазмұнына жауап бермейді. Редакцияның пікірі автордың пікірімен сәйкес бола бермейді. Сурет дереккөзі: Internet ресурстары. Таралымы: 2000 дана. Алматы қ., «Print House GERONA».
E-mail: marketing@khanshatyr.com
Тел: +7 (7172) 57-26-26

Журнал LIFE TIME является собственностью ТРЦ «Хан Шатыр». Журнал распространяется в ТРЦ «Хан Шатыр», Rixos President Astana, Rixos Khan Shatyr Residences. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных материалов. Мнение редакции не всегда совпадает с мнением авторов. Источник фото: Internet ресурсы. Тираж: 2000 экземпляров. «Print House GERONA», г. Алматы.
E-mail: marketing@khanshatyr.com
Тел: +7 (7172) 57-26-26





## РЕДАКТОРДАН ХАТ

ПИСЬМО ОТ РЕДАКТОРА

Құрметті LIFE TIME оқырмандары!

Жаздың лебі сезіле бастады — күн сайын күннің шуағы мен жылуы артып, көңілімізді көтеруде. Ол алғашқы демалыстардың, жеңіл көйлектер мен табиғат аясындағы пикниктердің, шабытты жоспарлардың мезгілі. Бұл – жарқын өмір сүруге, терең тыныстауға және әр сәтті бағалауға деген шақыру.

Бұл шығарылым — гардеробыңыз үшін балғын ауаның жұтымындай. Біз сіздер үшін ең сәнді трендтерді, стильді образдар мен жазғы көңіл-күй сыйлайтын идеяларды жинадық.

Күннің шуағы мен жаздың жылуы сізге қуаныш, махаббат, жайлы кездесулер мен ұмытылмас әсерлер сыйласын. Бізбен бірге болыңыз — бірге шабыт әлемін құрамыз.

*Ізгі тілектермен,*
*Аида Сапенова*
*LIFE TIME редакторы*

Дорогие читатели LIFE TIME!

Лето уже на горизонте, и с каждым днем солнце дарит нам все больше тепла, света и хорошего настроения. Это время первых отпусков, легких платьев, пикников на природе и вдохновляющих планов. Это момент, когда хочется жить ярко, дышать глубже и ловить каждый миг.

Этот выпуск — как глоток свежего воздуха для вашего гардероба. Мы собрали самые вдохновляющие тренды, стильные образы и модные идеи, которые помогут вам перезагрузить стиль и заговорить на языке лета — свободно, ярко и смело.

Пусть эти солнечные дни принесут вам радость, любовь, уютные встречи и незабываемые впечатления. Оставайтесь с нами — вместе мы создаем пространство вдохновения.

*С наилучшими пожеланиями,*
*Аида Сапенова*
*Редактор LIFE TIME*

# «ХАН ШАТЫР» ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# НОВОСТИ «ХАН ШАТЫРА»






Көктем «Хан Шатырда» жарқын әрі шынайы шабытпен басталды! Біз ауқымды «Júldeli Shopping» акциясын іске қостық, оның аясында BI Group компаниясынан екі жайлы бір бөлмелі пәтер және Rixos қонақ үйлерінде тұруға арналған 9 сертификат ойнатылады. Бар болғаны — 30 000 теңгеден бастап сауда жасап, түбіртектерді тіркеп, ұтыс ойынына қатысыңыз — олар барлығы 10 кезеңде өтеді! ***Бірінші кезең 16 наурызда өз мәресіне жетті — Имакаева Алтынай Араб шығанағының жағалауында орналасқан, жоғары сервисімен танымал Rixos Al Mairid Ras Al Khaimah қонақүйінде демалыс сертификатын жеңіп алды. Ал 20 сәуірде өткен екінші кезеңнің жеңімпазы — Затилла Нұрдәулет, ол Rixos Water World Aktau қонақүйінде ұмытылмас демалысқа ие болды.***

Весна в ТРЦ «Хан Шатыр» началась ярко и по-настоящему вдохновляюще! Мы запустили масштабную акцию «Júldeli Shopping», в рамках которой разыгрываются две однокомнатные квартиры комфорт-класса от BI Group и 9 сертификатов на проживание в роскошных отелях Rixos. Все просто: совершайте покупки от 30 000 тенге, регистрируйте чеки и ждите розыгрышей – их будет целых 10! ***Первый этап завершился 16 марта — Имакаева Алтынай стала обладательницей сертификата на отдых в Rixos Al Mairid Ras Al Khaimah, отеле с безупречным сервисом на побережье Аравийского залива. А уже 20 апреля прошёл второй этап, по итогам которого счастливчиком стал Затилла Нұрдәулет — его ждет незабываемое пребывание в Rixos Water World Aktau.***

12 сәуірде атриумда өткен көктем-жаз маусымына арналған Fashion Show да ерекше жарқын шара болды. ***Подиумда мынадай танымал брендтер өз коллекцияларын ұсынды: Massimo Dutti, ZARA, Mango, Stradivarius, Bershka, Pull&Bear, Lichi, Koton, O'STIN, OYSHO, NAPAPIJRI, Kanzler және Guni.*** Қонақтар кәсіби стилистер дайындаған сәнді образдарды тамашалап, шабыт алып, @monamie.kz және @chaplin_cinemas ұсынған сыйлықтардың ұтысына қатысты. Бұл шынайы сән мерекесі — эмоциялар, жарық, музыка және ерекше атмосферамен есте қалды.

Не менее ярким событием стал весенне-летний Fashion Show, прошедший 12 апреля в сердце атриума. ***На показе приняли участие популярные бренды: Massimo Dutti, ZARA, Mango, Stradivarius, Bershka, Pull&Bear, Lichi, Koton, O'STIN, OYSHO, NAPAPIJRI, Kanzler и Guni.*** Гости наслаждались стильными образами, созданными профессиональными стилистами, ловили вдохновение и принимали участие в розыгрышах от @monamie.kz и @chaplin_cinemas. Это было настоящее модное шоу — с эмоциями, светом, музыкой и атмосферой праздника.





















***Сауда орталығында орналасқан «Wish Tree» қайырымдылық бастамасы өз жұмысын жалғастыруда — бұл 2011 жылдан бері балалар үйінің тәрбиеленушілеріне және ерекше қажеттіліктері бар балаларға арманын жүзеге асыруға көмектесіп келе жатқан игілік нышаны.*** Ағаштың бұтақтарында балалардың тілектері жазылған конверттер ілулі тұр. Кез келген адам солардың бірін алып, арманды орындай алады. Жанында қайырымдылық жәшігі де орнатылған. Бізбен бірге жақсылық жасауға атсалысыңыз!

***В самом сердце нашего ТРЦ продолжает действовать «Wish Tree» — символ добрых дел, который с 2011 года помогает исполнять мечты детей из детских домов и ребят с особыми потребностями.*** На дереве развешаны конверты с желаниями, которые может исполнить каждый. Также рядом установлен ящик для пожертвований. Присоединяйтесь — давайте делать добро вместе!







Біз кішкентай қонақтарымызды да ұмытпаймыз — әр демалыс сайын СОО аумағында балаларға арналған көңілді іс-шаралар, ойындар, анимация және шығармашылық мастер-кластар өтеді. Бұл тек бастамасы ғана — жаздың басында Балаларға арналған сән көрсетілімі өтеді, онда балалар мен жасөспірімдерге арналған жаңа маусымның сәнді киімдері таныстырылады. Жаңалықтардан қапы қалмаңыз — алда әлі де көп қызық бар!

Мы также не забываем о наших маленьких гостях — каждые выходные в ТРЦ проходят веселые детские ивенты с играми, анимацией и творческими мастер-классами. И это только начало — ведь уже в начале лета вас ждет Детский показ мод, где будут представлены стильные новинки сезона для детей и подростков. Следите за новостями — будет ярко!

***СОО «Хан Шатыр» — бұл сән, қуаныш пен қамқорлық әр күн сайын тоғысатын орын. Келіңіздер, қатысыңыздар және біздің жылы көктемгі тарихымыздың бір бөлігі болыңыздар!***

***ТРЦ «Хан Шатыр» — место, где мода, радость и забота объединяются каждый день. Приходите, участвуйте и становитесь частью нашей теплой весенней истории.***

# ЕРЕКШЕ ДЕМАЛЫСҚА АРНАЛҒАН MUST-HAVE КИІМДЕР

## MUST-HAVE ВЕЩИ ДЛЯ ИДЕАЛЬНОГО ОТДЫХА


Lichi

*Жаз – барынша жеңілдік, оның ішінде гардеробта да. Ең бастысы – кез келген жағдайда ыңғайлы, сәнді және үйлесімді киім таңдау. Демалыста сіздің сенімді серігіңізге айналатын қажетті киімдер тізімін ұсынамыз!*

*Лето — это про легкость во всем, включая гардероб. Главное — взять то, что будет удобно, стильно и уместно в любой ситуации. Вот список вещей, которые станут вашими лучшими спутниками в отпуске!*

**1. Жеңіл көйлек**
Біреу-ақ, бірақ әмбебап. Күндіз – босоножкалармен жағажайдың ханшайымы, кешке – жакетпен сәнді ару. Ең бастысы – дем алатын маталар мен барлық киіммен үйлесетін түстерді таңдау (бірақ көңіліңіз жарқын түстер қаласа – біз қарсы емеспіз!). Сәнді модельдерді ZARA, Lichi, Mango дүкендерінен таба аласыз.

**1. Легкое платье**
Одно, но универсальное. Днем с босоножками – королева пляжа, вечером с жакетом – дама на ужине. Главное – выбирайте дышащие ткани и цвет, который подойдет ко всему (но если душа требует яркости – кто мы, чтобы спорить?). За стильными моделями загляните в ZARA, Lichi, Mango.


Lichi


ZARA


ZARA


LACOSTE

**2. Ыңғайлы шорты мен топ**
Жеңімпаз комбинация: сөмкеде аз орын алады, бірақ сансыз стильді образдар жасауға мүмкіндік береді. Сандалилермен – жазғы жеңілдік, кедамен – жаңа вайб, кең пішінді жейдемен – стильді көрініс. Тамаша нұсқалар Bershka, Stradivarius, Pull&Bear дүкендерінде.


12 STOREEZ
ZARA


ZARA
12 STOREEZ
ZARA

**2. Удобные шорты + топ**
Беспроигрышный комплект: занимает минимум места, но создает миллион образов. Надели с сандалиями – готово, с кедами – новый вайб, с рубашкой – уже стильный образ. Отличные варианты найдете в Bershka, Stradivarius, Pull&Bear.

**6. Тоут-сөмке**
Біреу, бірақ сыйымды және ыңғайлы. Оған бәрі сияды: күннен қорғайтын кремнен бастап, кездейсоқ сатып алынған кәдесыйларға дейін. Стильді әрі практикалық модельдерді CHARLES&KEITH, Rinascimento, Napapijri дүкендерінен іздеңіз.

**6. Сумка-тоут**
Одна, вместительная, удобная – в нее поместится все: от крема для загара до случайно купленных сувениров. Выбирайте стильные и практичные модели в CHARLES&KEITH, Rinascimento, Napapijri.


CHARLES&KEITH


Rinascimento


NAPAPIJRI

**5. Самал шляпа мен көзілдірік**
Бұл аксессуарлар тек сәнді ғана емес, сондай-ақ күннен қорғайтын маңызды құралдар! (Сонымен қатар, таңертең кездесу қажет емес адамдардан да құтқарады). Керемет нұсқаларды Massimo Dutti, GUESS, LACOSTE дүкендерінен таба аласыз.

**5. Соломенная шляпа и солнцезащитные очки**
Помимо стильности, они спасают от солнца (и от случайных встреч, когда с утра не хочется кого-то видеть). Загляните в Massimo Dutti, GUESS, LACOSTE за идеальными аксессуарами.


GUESS


Massimo Dutti

**3. Oversize жейде**
Нағыз құтқарушы! Оны көйлек ретінде, купальниктің үстінен киюге немесе белге түйін жасап тағуға болады – бір күнде үш түрлі образ дайын! Стильді жейделер үшін JACK & JONES, Calvin Klein Jeans, LOWK дүкендеріне барыңыз

**Рубашка-оверсайз**
Настоящая палочка-выручалочка! Можно носить как платье, накинуть на купальник или завязать узлом на талии – хоть три разных образа за один день. За стильными рубашками отправляйтесь в JACK & JONES, Calvin Klein Jeans, LOWK.

**4. Жайлылықты үйлестіретін аяқ киім**
Қанша туфли алсаңыз да, ең ыңғайлысын киесіз. Сондықтан бірден сәнді әрі жайлы босоножки немесе кроссовкалар таңдаған дұрыс. Мінсіз модельдер ECCO, INTERTOP, FLO бутиктерінде күтіп тұр.

**4. Пара обуви, в которой можно ходить вечно**
Сколько бы туфель вы ни взяли «на всякий случай», в итоге будете носить одни самые удобные. Так что лучше сразу выбрать стильные, но комфортные босоножки или кроссовки. Отличные модели ждут вас в ECCO, INTERTOP, FLO.

Timberland


Timberland



CONVERSE
СОО "Хан Шатыр" 1 қабат
ТРЦ "Хан Шатыр" 1 этаж



LACOSTE
12 STOREEZ
12 STOREEZ
LACOSTE
12 STOREEZ
Tommy Hilfiger
ZARA MAN

# ЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАЙЛЫ СТИЛЬ МЕН СӘНДІ ОБРАЗДАР

***Қазіргі ерлер сәні – тек қатаң костюмдер мен ыңғайсыз киімдер емес, ол элеганттық пен еркіндіктің үйлесімі. Биылғы маусымның басты трендтерін бірге қарастырайық!***

***1. Кең пішінді жейделер***
Зығырдан, мақтадан тігілген әрі кең пішімді жейделер – қазіргі сәннің алдыңғы қатарында. Олар әрі әдемі, әрі терінің тыныс алуына мүмкіндік береді. Ашық реңктер, көгілдір және хаки түс кез келген киіммен үйлеседі. Сапалы үлгілерді ZARA MAN мен Massimo Dutti дүкендерінен табуға болады.

***2. Кең пішінді шалбарлар***
Тар джинсылар енді өткен шақта! Биылғы тренд – кең шалбарлар, палаццо үлгілері және жоғары белді чинос шалбарлары. Олар қозғалысты шектемей, стиль мен жайлылықты үйлестіреді. Идеалды жұбын 12 STOREEZ, Armani Exchange, KANZLER бутиктерінен таңдауға болады.

***3. Бермудтар мен шорттар – стильді ұзындық, шексіз жайлылық!***
Биылғы басты ереже – шорттардың тым ұзын болмауы. Ең тиімді ұзындық – ортаңғы санға дейін немесе тізеден сәл жоғары. Оларды кедамен, мокасинмен не лофермен үйлестірсеңіз, әрі стильді, әрі ыңғайлы образ ала алась. Түрлі үлгілерді MEXX, Bershka, Pull&Bear дүкендерінен таба алассыз.

***4. Стильді футболкалар***
Үлкен жазулар мен анимациялық суреттер трендтен шықты. Енді басты назарда – минималистік дизайн, нәзік кестелер мен ерекше текстуралар. Бейтарап түстер, винтаждық пастель реңктері және ретро-жолақтар сәнде. Сәнді футболкаларды LACOSTE, Calvin Klein Jeans, Tommy Hilfiger брендтерінен іздеңіз.

***5. Жеңіл пиджактар мен бомберлер***
Астана күндіз ыстық болғанымен, кешке салқындап кетуі мүмкін. Сондықтан жеңіл зығыр пиджак, қысқа бомбер немесе жұқа кардиган – стильді әрі пайдалы шешім. Сәнді модельдерді Marc O'Polo, JACK & JONES, M.Manzoni дүкендерінен таба аласыз.

***Жаз – еркіндік, бірақ талғаммен! СОО «Хан Шатырда» сәнді образ сізді күтуде – өзіңізге лайықтысын таңдаңыз!***

# КОМФОРТНЫЙ СТИЛЬ И АКТУАЛЬНЫЕ ОБРАЗЫ ДЛЯ МУЖЧИН

***Мужская мода теперь не про строгие костюмы и дискомфорт, а про баланс между элегантностью и расслабленностью. Давайте разберем, какие вещи сделают вас главным модником сезона!***

***1. Просторные рубашки***
Льняные, хлопковые, объемные – именно такие рубашки сейчас на волне. Они выглядят дорого, но при этом позволяют коже дышать. Лучше всего работают нюдовые оттенки, голубой и хаки – выглядят стильно и легко сочетаются с любым низом. Загляните в ZARA MAN или Massimo Dutti за качественными моделями.

***2. Брюки свободного кроя***
Зауженные джинсы официально ушли на пенсию! Теперь в топе широкие брюки, палаццо и чиносы с завышенной посадкой. Они не сковывают движения, добавляют шарма и подходят как под рубашку, так и под футболку. Советуем посетить 12 STOREEZ, Armani Exchange и KANZLER для подбора идеальной пары.

**3. Бермуды и шорты: выше колена – меньше стресса**
Главное правило сезона: шорты не должны быть слишком длинными. Оптимальная длина – до середины бедра или чуть выше колена. Носим их с кедами, мокасинами или даже лоферами на тонком носке – стильно и без перегрева. В MEXX, Bershka и Pull&Bear вы найдете разнообразие моделей на любой вкус.

***4. Футболки с вайбом***
Массивные принты уходят в прошлое – на смену приходят футболки с минималистичным дизайном, вышивками или интересными фактурами. В моде однотонные базовые оттенки, винтажные пастели и ретро-полоска. Загляните в LACOSTE, Calvin Klein Jeans и Tommy Hilfiger за стильными вариантами.

***5. Легкие пиджаки и бомберы***
Как бы ни жарило солнце днем, вечером в Астане без верхнего слоя можно пожалеть о своем выборе. Легкий льняной пиджак, укороченный бомбер или тонкий кардиган – идеальные спутники для прохладных ночей и стильных образов. Посетите Marc O'Polo, JACK & JONES и M.Manzoni для выбора подходящей модели.

***Лето — это про легкость, но не про легкомысленность! В ТРЦ «Хан Шатыр» стиль сам идет в руки — остается только выбрать, что примерить первым!***





Calvin Klein Jeans
ZARA MAN
ZARA MAN
ZARA MAN
ZARA MAN
Calvin Klein Jeans
12 STOREEZ



Massimo Dutti

# ЕҢ БАСТЫСЫ — ДҰРЫС ЖҰП!
# МАУСЫМНЫҢ БАСТЫ АЯҚ КИІМ ТРЕНДТЕРІ

***Астанаға жаз-2025 тынысы сезіліп, салқын күндер бірте-бірте қоштасуда. Ендеше, биылғы маусымда қандай аяқ киім трендтері сән әлемін бағындыратынын білейік!***

***1. Барлық жағдайға арналған кроссовкалар***
2025 жылы кроссовкалар одан да әсерлі бола түседі: көлемді силуэттер, биік платформалар, ретро элементтер мен қанық түстер – белсенді қала тұрғындары үшін басты must-have!

***2. Римдік сандалдар 2.0***
Гладиатор үлгісіндегі аяқ киімдер қайта оралды! Бұл жолы олар ұзын бауларсыз, бірақ массивті табанмен, ерекше өрнектермен және металл детальдармен толықтырылған. Жазғы ыстықта сәнді, әрі жайлы аяқ киім.

***3. Харизмасы бар лоферлер***
Классикалық лоферлер биыл батыл өзгерістерге ұшырады: ірі шынжырлар, төртбұрышты тұмсық және тіпті биік табан. Ақ, пастель және ашық түсті нұсқалары кедалар мен балеткаларға стильді балама болмақ.

***4. Мөлдірлік пен футуризм***
Болашақтан шабыт алған аяқ киімдер әлі де трендте! Жартылай мөлдір босоножкалар, пластик элементтер, силикон баулар мен неон жарығы – минималистік киім үлгілерімен тамаша үйлесетін сәнді тренд.

***5. Балеткалар сәнге қайта оралды, бұл жолы – жаңаша ерекшелігімен***
Көпшіліктің сүйікті балеткалары жаңаша өңделіп қайтып келді: төртбұрышты тұмсық, баулар, кестелі өрнектер және шағын платформа. Күнделікті әрі нәзік образдар үшін таптырмас таңдау.

***6. Мюли мен сабо – жайлылық пен талғам***
Жайлылық – басты тренд! Биылғы маусымда мюли мен сабо жаңа стильде ұсынылады: жұмсақ текстуралар, қауырсындар, кристалдар мен кесте. Бұл – сәнді кездесулер мен кешкі серуендерге арналған мінсіз аяқ киім.

***7. Эко-сән: табиғи материалдар***
Зығыр, мақта және тоқыма элементтері аяқ киімде ерекше орын алуда. Бұл – экологиялық саналы тұтынуға жасалған маңызды қадам. Енді сән табиғатты қорғаумен қатар жүреді!

***Өз идеалды жұбыңызды тапқыңыз келе ме? «Хан Шатыр» СОО-да ең сәнді жаңалықтар сізді күтіп тұр – келіңіз де, жазға дайын болыңыз!***



INTERTOP
ECCO
INTERTOP
Timberland
ZARA
Massimo Dutti
INTERTOP
Massimo Dutti
Massimo Dutti
Converse
ECCO
Timberland
Timberland



# ГЛАВНОЕ — ПРАВИЛЬНАЯ ПАРА!
# ОБУВНЫЕ ТРЕНДЫ СЕЗОНА



FLO
ZARA
CHARLES & KEITH
ECCO
ECCO
LACOSTE
FLO
Converse
CHARLES & KEITH

***Лето 2025 медленно, но верно пробирается в Астану, разгоняя последние прохладные дни. Самое время узнать, какие тренды будут править этим сезоном!***

***1. Кроссовки на все случаи***
В 2025 они становятся еще эффектнее: массивные силуэты, высокие платформы, ретро-детали и кислотные оттенки – главный must-have для активных горожан. Теперь это не просто обувь, а настоящее модное заявление!

***2. Римские сандалии 2.0***
Гладиаторы возвращаются! Но не с бесконечными шнурками, а в обновленной версии – массивная подошва, нестандартные переплетения, металлические детали. Эффектный и комфортный вариант для жаркого лета.

***3. Лоферы с харизмой***
Классические лоферы в этом сезоне обретают смелый характер: массивные цепи, квадратные носы и даже грубая платформа. Белые, пастельные и даже ярко-оранжевые модели станут стильной альтернативой кедам и балеткам.

***4. Прозрачность и футуризм***
Обувь, вдохновленная будущим, не сдает позиций! Полупрозрачные босоножки, пластиковые элементы, силиконовые ремешки и даже неоновые подсветки – футуристичный тренд, который идеально сочетается с минималистичной одеждой.

***5. Балетки возвращаются, но с изюминкой***
Любимые многими балетки снова в моде, но теперь с интересными деталями: квадратный нос, ремешки, вышивка и даже мини-платформа. Отличный вариант для романтических и повседневных образов.

***6. Мюли и сабо – расслабленный шик***
Комфорт – главный тренд, и мюли с сабо снова в центре внимания. В этом сезоне они становятся еще эффектнее: пушистые текстуры, перья, кристаллы и вышивка. Идеальная обувь для стильных встреч и вечерних прогулок.

***7. Эко-мода: натуральные материалы***
Льняные, хлопковые и плетеные детали в обуви становятся не просто трендом, а важным шагом к осознанному потреблению. Теперь стиль идет рука об руку с заботой о природе.

***Хотите найти свой идеальный тренд? В ТРЦ «Хан Шатыр» уже ждут самые горячие новинки – приходите и найдите свою идеальную пару!***


SuperStep
СОО “Хан Шатыр” 1 қабат
ТРЦ “Хан Шатыр” 1 этаж
Superstep.kz




# ХАН ШАТЫРДЫҢ ЕҢ ЫСТЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## ГОРЯЧИЕ НОВИНКИ ХАН ШАТЫРА

***Биылғы көктемде ТРЦ «Хан Шатыр» тағы да елордадағы ең сәнді орын екенін дәлелдеді. Бізде өмір ғана емес, сән де қайнап жатыр! Жаңа ашылымдармен, сүйікті брендтердің оралуымен және стильді жаңалықтармен қуана бөлісеміз.***

**Original Marines — сән картамыздағы жаңа есім!**
Итальяндық түбі бар бұл бренд 1983 жылы Неаполь шығанағында негізі қаланып, еркін балалық шақтың, сапаның және жарқын эмоциялардың символына айналды. Original Marines бренді бүкіл әлемде өзінің бөлшектерге мән беруімен, табиғи маталарымен және шабыттандыратын балалар мен жасөспірімдерге арналған топтамаларымен танымал.

***Қызықты факт:*** брендтің идеясы американдық теңіз мәдениетінен шабыт алған — сондықтан атауы мен зәкір бейнеленген логотипі осылай шыққан. Бәрі АҚШ теңіз жаяу әскері формасын еске түсіретін ақ жейделерден басталды, олар бірден хитке айналды. Бүгінде бренд философиясы — еркіндік пен тәртіптің, жарқын дизайн мен жайлылықтың үйлесімі. Енді Астанадағы жас сәнқойлар да бұл ерекше итальяндық рухты сезіне алады — сәнді, жайлы әрі ерекше!

**RESTART**
***Сүйікті брендтер жаңаша жарқырап, тың форматта, заманауи концепциялармен және сәнді топтамалармен қайта оралды!***

***Этой весной ТРЦ «Хан Шатыр» снова подтвердил свой статус самой модной точки на карте столицы. У нас кипит не только жизнь, но и... мода! Мы с радостью делимся с вами свежими открытиями, возвращениями любимчиков и стильными новостями.***

**Original Marines — новое имя на нашей модной карте!**
Бренд с итальянскими корнями, основанный в солнечной Неаполитанской бухте в 1983 году, стал символом свободного детства, качества и ярких эмоций. Original Marines известен во всем мире благодаря своему вниманию к деталям, натуральным тканям и вдохновляющим коллекциям для детей и подростков.

***Интересный факт:*** бренд был вдохновлен американской морской культурой — отсюда и название, и логотип с якорем. Все началось с простых белых футболок в стиле униформы морской пехоты США, которые моментально стали хитом. Сегодня философия бренда — это сочетание свободы и дисциплины, яркого дизайна и удобства, и теперь юные модники Астаны могут ощутить этот уникальный дух — стильно, комфортно и по-итальянски!

**RESTART**
***Любимые бренды не просто вернулись, а сделали это с эффектом «WOW» — в обновленном формате, с новыми концепциями и стильными коллекциями.***




**1. RESPECT Premium**
Бұл бренд бұрыннан бері талғампаздық пен жайлылықтың синониміне айналған. Мұнда классика зеріктірмейді, ал трендтер заманауи өмір ырғағына бейімделген. «Хан Шатырдағы» жаңартылған бутик — бұл жай ғана дүкен емес, әр аяқ киім жұбы сіздің стиліңіз бен мәртебеңізді көрсететін кеңістік.

**1. RESPECT Premium**
Этот бренд давно стал синонимом элегантности и комфорта. Здесь классика не скучна, а тренды адаптированы под ритм современной жизни. Обновленный бутик в «Хан Шатыр» — это не просто магазин, а пространство, где каждая пара обуви работает на ваш стиль и статус.

**2. JACK & JONES**
90-жылдары джинс әуесқойларына арналып құрылған бұл бренд бүгінде ерлердің кез келген талғамына жауап бере алады — демалыс күндерінен бастап қалалық жұмыс күніне дейін. Еуропалық Bestseller сән холдингінің құрамына кіретін бренд әлемнің ондаған елінде бар. Жаңа дүкен — Астанадағы сәнқой ерлердің сүйіктісінің қайта оралуы.

**2. JACK & JONES**
Созданный в 90-х как бренд для джинсовых энтузиастов, сегодня стал универсальным ответом на любой запрос мужчины — будь то расслабленный уикенд или городской будний день. Бренд входит в состав европейского fashion-гиганта Bestseller и представлен в десятках стран. Новый магазин — возвращение любимца модной аудитории Астаны.







**3. MEXX**
MEXX — махаббаттан бастау алған бренд! 1986 жылы Раттан Чадха M(oustache) + E(manuelle) + XX (екі сүйісбелгісі) деп біріктіріп, MEXX-ті құрды. Бұл бренд — еркіндік, оптимизм және шынайылық символы. Отбасы мен жақындармен өткізген сәттерді бағалайтын нағыз адамдарға арналған сән. «Everything should be XX» слоганы — махаббат пен жақындықтың маңызын еске салады. Енді MEXX жаңа топтамасымен оралып, тағы да шабыт сыйламақ!

**3. MEXX**
MEXX — бренд, который начался с поцелуя! В 1986 году Раттан Чадха объединил M(oustache) + E(manuelle) + XX ( 2 поцелуя), создав MEXX. Этот бренд символизирует свободу, оптимизм и искренность. Мода для реальных людей, ценящих моменты с близкими. Слоган «Everything should be XX» напоминает о важности любви и близости. Теперь MEXX возвращается с новой коллекцией, чтобы снова вдохновлять!


ORIGINAL
MARINES


СОО "Хан Шатыр" 2 қабат
ТРЦ "Хан Шатыр" 2 этаж
@originalmarines_kazakhstan
+7 707 575 7085



*Жаз – бұл күн, демалыс және жарқын әсерлер. Бірақ сіз жылы күндерден ләззат алып жатқанда, теріңіз нағыз сынақтан өтеді. Терінің күйіп қалуы, ультракүлгін сәулелер мен кондиционерлер – стресстік комбо! Оны қалай қорғап, жарқын әрі сау келбетті сақтауға болады? Лайфхактармен бөлісіп, «Қалаймын vs Алуға болады» форматында мінсіз құралдарды таңдаймыз!*

# КҮН МЕН ТЕРІ: ЖАЗДА КҮТІМ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

## СОЛНЦЕ И КОЖА: ИНСТРУКЦИЯ ПО ВЫЖИВАНИЮ

***Лето – это солнце, отдых и яркие впечатления. Но пока вы наслаждаетесь теплыми днями, ваша кожа терпит настоящее испытание. Жара, ультрафиолет и кондиционеры – настоящий стресс-комбо! Как защитить ее и сохранить свежий, сияющий вид? Делимся лайфхаками и подбираем идеальные средства в формате «Хочу vs Могу»!***

### *1. SPF – сіздің ең жақсы досыңыз*
### *SPF – ваш лучший друг*




MonAmie




beautymania

***Қалаймын:*** Shiseido Expert Sun Protector SPF 50+ – күшті қорғау, суға төзімді формула және антиоксиданттар.

***Алуға болады:*** La Roche-Posay Anthelios SPF 50+ – жеңіл флюид, жабыспайды, қала мен жағажай үшін мінсіз.

***Хочу:*** Shiseido Expert Sun Protector SPF 50+ – мощная защита с водостойкой формулой и антиоксидантами.

***Могу:*** La Roche-Posay Anthelios SPF 50+ – легкий флюид без липкости, идеален для города и пляжа.

### *2. 24/7 ылғалдандыру*
### *Увлажнение 24/7*




MonAmie




MIKO

***Қалаймын:*** Clinique Moisture Surge 100H – теріні ыстықта құтқаратын ультра ылғалдандыратын крем-гель.

***Алуға болады:*** COSRX Hydrium Moisture Power Enriched Cream – пантенол мен гиалурон қышқылымен қарқынды ылғалдандыратын жеңіл крем-гель.

***Хочу:*** Clinique Moisture Surge 100H – ультраувлажняющий гель-крем, который спасает кожу в любую жару.

***Могу:*** COSRX Hydrium Moisture Power Enriched Cream – легкий крем-гель, который дает интенсивное увлажнение благодаря пантенолу и гиалуроновой кислоте.



### *3. Минималды макияж – максимум сергектік*
### *Минимум макияжа – максимум свежести*




beautymania




beautymania

***Қалаймын:*** Dior Backstage Face & Body Foundation – теріге жеңіл жататын, фотошоп әсері бар тон.

***Алуға болады:*** L'Oréal Paris True Match Nude Serum – сыворотка текстурасындағы жеңіл тон, терімен мінсіз үйлеседі және табиғи жарқыл береді.

***Хочу:*** Dior Backstage Face & Body Foundation – невесомое покрытие с эффектом фотошопа.

***Могу:*** L'Oréal Paris True Match Nude Serum – легкий тон с сывороточной текстурой, который отлично сливается с кожей и придает естественное сияние.

### *4. Жұмсақ тазалау*
### *Очищение без фанатизма*




MonAmie




Цветная Аптека

***Қалаймын:*** La Mer The Cleansing Foam – теңіз экстрактыларымен байытылған сәнді көбік, теріні тегістейді және жарқыратуға көмектеседі.

***Алуға болады:*** CeraVe Hydrating Cleanser – сезімтал тері үшін нәзік тазарту.

***Хочу:*** La Mer The Cleansing Foam – роскошная пенка с морскими экстрактами для гладкости и сияния кожи.

***Могу:*** CeraVe Hydrating Cleanser – деликатное умывание для чувствительной кожи.

### *5. Антиоксиданттар күтімде және ас мәзірінде*
### *Антиоксиданты в уходе и тарелке*



beautymania



beautymania

